Риддер қаласының IV шақырылған қоғамдық кеңесінің
2025 жылғы 26 ақпандағы № 1/4-IV
шешімімен бекітілген

# Риддер қаласының Қоғамдық кеңесі туралы
# ЕРЕЖЕ

## 1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Риддер қаласының Қоғамдық кеңесі туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 6-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 69 бұйрығымен бекітілген Қоғамдық кеңес туралы Үлгілік ереженің негізінде әзірленді.

2. Қоғамдық кеңес Заңның 1-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген мемлекеттік органдарды қоспағанда, коммерциялық емес ұйымдармен, азаматтармен бірлесіп, жергілікті мемлекеттік басқару органдары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша құратын консультативтік-кеңесші, байқаушы орган болып табылады.

## 2 тарау. Риддер қаласының қоғамдық кеңесінің қызметін ұйымдастыру

### 1-параграф. Шығып қалғандардың орнына Қоғамдық кеңес мүшелерін іріктеу

3. Мемлекеттік органның атынан өкілдік ететін Қоғамдық кеңес мүшесінің өкілеттігі тоқтатылған кезде Қоғамдық кеңестің өкілеттігін тоқтатқан мүшесінің орнына жаңа мүшесін қосу туралы шешімді тиісті мемлекеттік органның басшысы, мәслихат төрағасы қабылдайды.

4. Қоғамдық кеңестің азаматтық қоғам өкілдерінің қатарынан шыққан мүшелері Заңның 9-бабының 7 және 9-тармақтарына сәйкес кандидаттардың резервтік тізімінен ауыстырылады.

Резервтегі тізімдегі әрбір кандидат тізімнен жазбаша өтініші негізінде өз қалауы бойынша шығады.

5. Резервтік тізімнен кандидат Қоғамдық кеңеске мүшелікке қатысудан бас тартқан және қоғамдық кеңеске кандидаттардың резервтік тізімінде басқа кандидаттар болмаған жағдайларда, Қоғамдық кеңес Қоғамдық кеңестің құрамына қосымша конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

Қоғамдық кеңестің резервтік тізімнен қабылдаған жаңа мүшелерін мәслихаттың төрағасы бекітеді және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға және (немесе) жергілікті өкілді органның интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда жаңа мүшені таңдап алуды Қоғамдық кеңес қосымша конкурс арқылы жүзеге асырады.

6. Қоғамдық кеңес қосымша конкурс өткізу үшін Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау жөніндегі конкурс туралы хабарландыруды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды және (немесе) жергілікті өкілді органның интернет-ресурсында орналастырады.

7. Хабарландыруда мыналар көрсетіледі:

1) жергілікті өкілді органның атауы;

2) Заңның 10-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес құжаттар жіберілетін пошталық және электрондық мекенжайларды, құжат тапсыру мерзімдерін, конкурсқа қатысу үшін құжаттар тізбесін және кандидаттарға қойылатын талаптарды қамтиды;

3) мемлекеттік органдардың, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, азаматтар қатарынан Қоғамдық кеңестің сандық құрамы.

8. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күні ішінде қажетті құжаттарды қоса бере отырып, Заңның 10-бабының 2-тармағына сәйкес пошталық немесе электрондық мекенжайға ұсыныстар береді.

1) кандидатураны жұмыс тобының құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысын және (немесе) азаматтың өтінішін;

2) өмірбаян деректері көрсетіле отырып, кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;

3) сотталғандығының болуы не болмауы туралы анықтама;

4) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) болуы не болмауы туралы анықтама;

5) кандидаттың дербес деректерін жинауға, өңдеуге, таратуға және жариялауға келісімді жібереді.

Жұмыс тобының мүшелігіне кандидат осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген анықтамаларды өз бетінше немесе өзінің қатысуымен Қоғамдық кеңес құрылатын мемлекеттік органның немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің көрсетілген анықтамаларды ақпараттық жүйелерден талап етіп алдыруына жазбаша келісуі арқылы ұсынады.

9. Қоғамдық кеңес құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде отырыста Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттар бойынша келіп түскен құжаттарды талқылайды, әңгімелесу рәсімін өткізу мерзімі мен орнын айқындайды және әңгімелесуге қатысушыларды хабардар етеді.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат әңгімелесуден өтеді, оның барысында оған кандидаттардың кәсіпқойлық, жеке қасиеттерін және қоғамдық кеңестер туралы заңнаманы білуін анықтауға бағытталған, сондай-ақ Қоғамдық кеңеске үміткер мүшелікпен байланысты сұрақтар қойылады.

Қойылатын сұрақтар барлық қатысушы кандидаттар үшін бірдей және саны тең мөлшерде болуы тиіс.

Кандидат пен жұмыс тобының келісуі бойынша әңгімелесу барысы бейнежазбаның техникалық құралдарының көмегімен көрсетілуі, сондай-ақ қашықтықтан бейнебайланыс құралдары арқылы жүргізілуі мүмкін.

Әңгімелесу аяқталғаннан кейін жұмыс тобы әрбір кандидат бойынша ашық дауыс беруді өткізеді.

Ең көп дауыс жинаған кандидаттар Қоғамдық кеңестің құрамына сайланған болып есептеледі.

Бірдей дауыс санын жинаған кандидаттар бойынша жұмыс тобының басшысы шешуші дауыс беру құқығын өзіне қалдырады.

Қоғамдық кеңестің құрамына қосымша конкурс нәтижелері бойынша іріктеліп алынған кандидатураларды мәслихаттың төрағасы бекітеді және бұқаралық

ақпарат құралдарында жариялануға және (немесе) жергілікті өкілді органның интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

10. Қоғамдық кеңестің жаңа мүшелері өкілеттік мерзімі тоқтатылған Қоғамдық кеңес мүшелерінің қалған өкілеттік мерзіміне сайланады (тағайындалады).

**2-параграф. Қоғамдық кеңестің жұмыс органдарын ұйымдастыру**

11.Қоғамдық кеңестің қалыптастырылған құрамының бірінші отырысында қарапайым көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы Қоғамдық кеңестің төрағасы, төралқа құрамы, Қоғамдық кеңес комиссия құрамдары сайланады.

Төраға Қоғамдық кеңес мүшелерінің арасынан азаматтық қоғамнан сайланады.

Төралқа мүшелерінің қатарына Қоғамдық кеңес төрағасы, мемлекеттік органның уәкілетті өкілі, комиссия төрағалары, қоғамдық кеңестің жеке мүшелері кіреді.

Төралқа мүшелерінің санын Қоғамдық кеңес өз бетінше айқындайды.

Өзі болмаған уақытта Қоғамдық кеңестің төрағасы өз міндеттерін атқаруды Қоғамдық кеңес төралқасы мүшелерінің біріне жүктейді.

Қоғамдық кеңес төрағасының өкілеттігі тоқтатылған жағдайда, оның өкілеттігі жаңа төраға сайланғанға дейін Қоғамдық кеңестің шешімі бойынша төралқа мүшелерінің біріне беріледі.

12.Қоғамдық кеңес тұрақты және (немесе) уақытша жұмыс органдарын: комитеттерді, сараптама топтарын құрады.

13. Қоғамдық кеңес тұрақты жұмыс органдары - комитеттерді құрады. Комитеттердің сандық құрамын Қоғамдық кеңес дербес айқындайды, бұл ретте кемінде үш адамды құрайды.

14. Комитеттер Қоғамдық кеңестің шешімімен Қоғамдық кеңестің құзыретіне жатқызылған тиісті саланың немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің қоғамдық маңызы бар мәселелерін зерделеу үшін құрылады.

15. Комитеттердің құрамы Қоғамдық кеңес мүшелерінің, коммерциялық емес ұйымдардың, ғылыми, кәсіподақ және басқа да ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, сарапшылар қатарынан қалыптастырылады, оны Қоғамдық кеңестің өзі айқындайды және оның отырысында бекітіледі.

16. Комитеттердің өкілеттігі Қоғамдық кеңестің шешімі бойынша тоқтатылады.

17. Қоғамдық кеңестер уақытша жұмыс органдарын - сараптама топтарын құрады. Сараптама топтары Қоғамдық кеңестің құзыретіне жатқызылған тиісті саланың немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің нақты мәселелерін зерделеу үшін Қоғамдық кеңестің шешімімен құрылады.

18. Сараптама топтарының құрамы Қоғамдық кеңес мүшелерінің, мемлекеттік органдардың, коммерциялық емес ұйымдардың, ғылыми, кәсіподақ және басқа да мүдделі ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, сарапшылар қатарынан қалыптастрылады.

19. Қоғамдық кеңестің сараптама топтары:

1) зерделенетін мәселелер бойынша материалдармен алдын ала танысуды және қарау қорытындылары бойынша оның бағытына сәйкес мәселелерді Қоғамдық кеңес комиссиясының отырысында қарауға дайындауды жүзеге асырады; және оның бағыттарына сәйкес оларды Қоғамдық кеңестер комиссияларына қарауға ұсынады;

2) зерделенетін мәселелер бойынша сараптамалық қорытындылардың жобаларын дайындайды және оларды қоғамдық кеңестер комиссияларында қарау үшін оның бағытына сәйкес ұсынады.

20. Нақты мәселе жөніндегі материалдарды зерделеу қорытындылары бойынша сараптама тобы қорытынды жасайды және оның бағытына сәйкес Қоғамдық кеңестің тиісті комиссиясына карауға жібереді.

Сараптама тобының зерделенетін мәселелер бойынша қорытынды материалдарын Қоғамдық кеңес Қоғамдық кеңестің тиісті комиссиясының ұсынысы бойынша қарайды.

**3 тарау. Қоғамдық кеңестің өкілеттіктері**

21. Қоғамдық кеңес өз өкілеттігін Заңның 5-бабына сәйкес жүзеге асырады.

22. Қоғамдық кеңес өз қызметін ағымдағы жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

Жұмыс жоспарлары Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде жасалады және Қоғамдық кеңес туралы ережеге сәйкес Қоғамдық кеңестің отырысында бекітіледі.

23. Қоғамдық кеңес 5-баптың 1-тармағында көзделген өкілеттіктерді іске асыру үшін отырыстар өткізеді.

24. Қоғамдық кеңестің отырысы тоқсанына кемінде 1 рет өткізіледі және оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде құқықты деп есептеледі.

Қоғамдық кеңестің шешімдері Қоғамдық кеңес мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Қоғамдық кеңестің отырыстарын бейнеконференцбайланыс режимінде, сұрақтарды қарастыру кезінде «онлайн дауыс беру», «Ватсап» «Онлайн дауыс беру» топтық чатында Қоғамдық тыңдауларды өткізуге жол беріледі.

Отырыстарды дайындау және өткізу кезінде Қоғамдық кеңес мынадай:

1) отырыстардың күн тәртібін, өткізу мерзімдері мен орнын талқылау және бекіту;

2) Қоғамдық кеңестің отырысына шығарылатын мәселелерді дайындау;

3) осы Үлгілік ереженің 25-тармағына сәйкес қажетті қатысушыларды шақыру;

4) отырыс өткізу мәселелерін қарайды.

Қоғамдық кеңестің отырыстарын Қоғамдық кеңестің төрағасы не оны алмастыратын адам жүргізеді.

Қоғамдық кеңестің отырысында хаттама жүргізіледі, оған Қоғамдық кеңестің төрағасы және қоғамдық кеңес хатшысы қол қояды. Қоғамдық тыңдаулардың қорытынды хаттамасы тиісті интернет-ресурста жарияланады.

Отырыстарды өткізудің өзге де мәселелерін Қоғамдық кеңес туралы ережеге сәйкес Қоғамдық кеңес өз бетінше айқындайды.

25. Қоғамдық кеңестің отырысына мүдделі мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының, ғылыми, кәсіподақ және басқа да ұйымдардың, қала белсенділерінің өкілдері, сондай-ақ сарапшылар мен өзге де мамандар шақырылады.

Қоғамдық кеңес хатшысы Қоғамдық кеңес мүшелерін, шақырылатын адамдарды және отырыстың өзге де қатысушыларын отырысты өткізу туралы

алдын ала, бірақ ол өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

26. Қоғамдық кеңес мәселелерді қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдардың қарауы және шешімдер қабылдауы үшін міндетті болып табылатын ұсынымдарды Заңның 5-бабының 2-тармағында көзделген мерзімдерде қабылдайды.

27. Қоғамдық кеңес орталық мемлекеттік органдар, жергілікті өкілді немесе жергілікті атқарушы органдар жіберген азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарау бойынша қоғамдық тыңдаулар жүргізеді.

28. Қоғамдық кеңестің хатшысы нормативтік құқықтық актінің жобасын алған кезден бастап ұсыныстар енгізу үшін бір жұмыс күні ішінде қоғамдық кеңес мүшелеріне қағаз немесе электрондық жеткізгіште не электрондық пошта арқылы таратуды ұйымдастырады.

29. Қоғамдық кеңестің мүшелері екі жұмыс күні ішінде нормативтік құқықтық актінің жобасын қарайды және Қоғамдық кеңестің хатшысына нормативтік құқықтық актінің жобасын қарау не нормативтік құқықтық актінің жобасын қараусыз қалдыру жөнінде қабылданған шешім туралы хабарлайды.

30. Қоғамдық кеңестің хатшысы Қоғамдық кеңес мүшелерінің келіп түскен ұсыныстарын түпкілікті шешім қабылдау үшін қоғамдық кеңес төрағасының қарауына енгізеді.

31.Қоғамдық кеңестің нормативтік құқықтық актінің жобасын қарау не қараусыз қалдыру жөніндегі шешімі Қоғамдық кеңес мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Қоғамдық кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

32. Қоғамдық кеңес шешім қабылдағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде Қоғамдық кеңестің хатшысы жергілікті өкілді немесе жергілікті атқарушы органдарды қоғамдық кеңестің қабылдаған шешімі туралы хабардар етеді.

33. Қоғамдық кеңес нормативтік құқықтық актінің жобасын қарау туралы шешім қабылдағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде нормативтік құқықтық актінің жобасы Қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуымен оның отырысына қарау үшін енгізіледі.

34.Нормативтік құқықтық актінің жобасын қарау қорытындылары бойынша шешім Қоғамдық кеңес мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Қоғамдық кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

35.Дауыс беру қорытындыларын ескере отырып, Қоғамдық кеңестің хатшысы қаралатын нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша Қоғамдық кеңес ұсынымдарының жобасын дайындайды және қоғамдық Кеңестің Төрағасына қол қоюға енгізеді.

36. Қоғамдық кеңестің төрағасы қол қойған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қоғамдық кеңестің ұсынымдарын Қоғамдық кеңестің хатшысы нормативтік құқықтық актінің жобасын қарауға ұсынған жергілікті өкілді немесе жергілікті атқарушы органдарға қағаз немесе электрондық жеткізгіште не электрондық пошта арқылы жібереді.

37. Заңның 5-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес, Қоғамдық кеңес мемлекеттік органның немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік өңірінің тиісті

қызмет саласындағы қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды.

38. Қоғамдық кеңес өтініштерді қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) өтінішті құзыреті бойынша тиісті мемлекеттік органға немесе жергілікті мемлекеттік басқару органына жолдау туралы;

2) осы өтінішті Қоғамдық кеңестің отырысында қарау туралы;

3) келіп түскен өтінішті қарау бойынша қоғамдық бақылау нысандарының бірін жүргізу туралы.

39. Қоғамдық кеңестің хатшысы өтінішке дайындалған жауапты өтініш берушіге заңнамада көзделген мерзімде жібереді.

40. Қоғамдық кеңестің төрағасы өз өкілеттіктері шеңберінде:

1) Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырады;;

2) отырыстарда төрағалық етеді;

3) Қоғамдық кеңес атынан құжаттарға қол қояды;

4) Қоғамдық кеңестің шешімдерін іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді;

5) жергілікті мемлекеттік басқару органының отырыстарына кеңесші дауыс беру құқығымен қатысады;

6) өзі болмаған уақытта Төрағаның міндетін атқаруды Қоғамдық кеңес төралқасы мүшелерінің біріне береді.

41. Ұйымдастыру мәселелерін шешуді қамтамасыз ету, қоғамдық кеңестің отырыстарын дайындау мен өткізу, қоғамдық кеңесте іс жүргізуді ұйымдастыру және жүргізу мақсатында Қоғамдық кеңестің хатшысы:

1) Қоғамдық кеңестің отырыстарын дайындау мен өткізудің ұйымдастырушылық мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді;

2) Қоғамдық кеңесте іс жүргізуді ұйымдастырады және жүргізеді, сондай-ақ Қоғамдық кеңес шешімдерінің орындалу мерзімдеріне бақылау жасайды.

42. Қоғамдық кеңестің хатшысы Қоғамдық кеңестің мүшесі болып табылмайды.

**Қоғамдық кеңес төрағасы** **Г. Гильдерман**

Утверждено решением
Общественного совета IV созыва города Риддера
от 26 февраля 2025 года № 1/4- IV

# ПОЛОЖЕНИЕ
# об Общественном совете города Риддера

## Глава 1. Общие положения

1. Настоящее Положение об Общественном совете города Риддера (далее – Положение) разработано в соответствии с пунктом 6 статьи 8 Закона Республики Казахстан от 2 ноября 2015 года «Об общественных советах» (далее – Закон), на основании Типового положения об Общественном совете утверждённого приказом Министра информации и общественного развития Республики Казахстан от 26 февраля 2021 года № 69.

2. Общественный совет является консультативно-совещательным, наблюдательным орган, образуемым органами местного государственного управления, по вопросам их компетенции, за исключением государственных органов, указанных в части второй пункта 1 статьи 1 Закона, совместно с некоммерческими организациями, гражданами.

## Глава 2. Организация деятельности Общественного совета г.Риддера

### Параграф 1. Отбор членов Общественного совета вместо выбывших

3. При прекращении полномочий члена Общественного совета, представляющего государственный орган, решение о включении нового члена Общественного совета вместо прекратившего полномочия члена принимает руководитель соответствующего государственного органа, председатель маслихата.

4. Выбывшие члены Общественного совета из числа представителей гражданского общества замещаются из резервного списка кандидатов в соответствии с пунктами 7 и 9 статья 9 Закона.

Каждый кандидат, состоящий в резервном списке выходит из него по собственному желанию на основании письменного заявления.

5. В случаях отказа кандидата из резервного списка от занятия членства в общественном совете и отсутствия других кандидатов в резервном списке кандидатов в Общественный совет, а также в случаях отсутствия резервного списка, Общественный совет принимает решение о проведении дополнительного конкурса в состав Общественного совета.

Зачисленные Общественным советом из резервного списка новые члены в состав Общественного совета утверждаются председателем маслихата и подлежат публикации в средствах массовой информации и (или) размещению на интернет-ресурсе местного представительного органа.

В случаях, предусмотренных частью первой настоящего пункта, отбор нового члена осуществляется Общественным советом путем проведения дополнительного конкурса.

6. Общественный совет для проведения дополнительного конкурса публикует объявление о конкурсе по избранию членов Общественного совета в средствах массовой информации и (или) размещает на интернет-ресурсе местного представительного органа.

7. В объявлении указывается:

1) наименование местного представительного органа;

2) почтовый и электронный адреса, на которые направляются документы, сроки подачи, перечень документов для участия в конкурсе и требования к кандидатам в соответствии с пунктами 1 и 2 статьи 10 Закона;

3) количественный состав Общественного совета из числа представителей государственных органов, некоммерческих организаций, граждан.

8. Граждане, представители некоммерческих организаций, желающие принять участие в дополнительном конкурсе в течение десяти рабочих дней после даты опубликования объявления о проведении дополнительного конкурса по отбору членов Общественного совета, подают нарочно или направляют на электронный адрес местного представительного органа, указанного в объявлении, следующие документы:

1) письменное предложение некоммерческой организации и (или) заявление гражданина о выдвижении кандидатуры в состав Общественного совета;

2) сведения о профессиональной и (или) общественной деятельности кандидата с указанием автобиографических данных;

3) справка о наличии либо отсутствии судимости;

4) справка о наличии либо отсутствии психических, поведенческих расстройств (заболеваний), в том числе связанных с употреблением психоактивных веществ;

5) согласие на сбор, обработку, распространение и публикацию персональных данных кандидата.

Кандидат в члены Общественного совета представляет справки, предусмотренные подпунктами 3) и 4) части первой настоящего пункта, самостоятельно или посредством письменного согласия на истребование указанных справок местным представительным органом из информационных систем.

9. Общественный совет в течение пяти рабочих дней после даты завершения приема документов, на заседании проводит обсуждение поступивших документов по кандидатам в члены Общественного совета, определяет сроки и место проведения процедуры собеседования и уведомляет участников собеседования.

Кандидат в члены Общественного совета проходит собеседование, в ходе которого ему задаются вопросы, направленные на определение профессиональных, личных качеств кандидатов и знания законодательства об общественных советах, а также связанные с претендуемым членством в Общественный совет.

Задаваемые вопросы должны быть едиными для всех участвующих кандидатов и в равном количестве.

По согласованию кандидата и Общественного совета, ход собеседования может фиксироваться с помощью технических средств видеозаписи, а также проводиться посредством дистанционных средств видеосвязи.

После завершения собеседования члены Общественного совета проводят открытое голосование по каждому кандидату.

Кандидаты, набравшие наибольшее количество голосов, считаются избранными в состав Общественного совета.

По кандидатам, набравшим одинаковое количество голосов, председатель Общественного совета оставляет за собой право решающего голоса.

Избранные кандидаты по итогам дополнительного конкурса в состав Общественного совета утверждаются председателем маслихата и подлежат публикации в средствах массовой информации и (или) размещению на интернет-ресурсе местного представительного органа.

10. Новые члены Общественного совета избираются (назначаются) на оставшийся срок полномочий, прекративших полномочия, членов Общественного совета.

**Параграф 2. Организация рабочих органов Общественного совета**

11. На первом заседании сформированного состава Общественного совета открытым голосованием простым большинством голосов избирается председатель Общественного совета, состав президиума, составы комиссии Общественного совета.

Председатель избирается из числа членов Общественного совета от гражданского общества.

В состав президиума Общественного совета входят председатель Общественного совета, уполномоченный представитель государственного органа, председатели комиссий, отдельные члены общественного совета.

Количество членов президиума определяется Общественным советом самостоятельно.

На время своего отсутствия председатель Общественного совета делегирует исполнение своих обязанностей одному из членов президиума Общественного совета.

В случае прекращения полномочий председателя Общественного совета до избрания нового председателя его полномочия передаются одному из членов президиума по решению Общественного совета.

12. Общественный совет создает постоянные и (или) временные рабочие органы: комитеты, экспертные группы.

13. Общественным советом создаются постоянные рабочие органы - комитеты. Численный состав комитетов определяется Общественным советом самостоятельно, при этом составляет не менее трех человек.

14. Комитеты создаются решением Общественного совета для изучения общественно-значимых вопросов соответствующей отрасли или административно-территориальной единицы, отнесенным к компетенции Общественного совета.

15. Состав комитетов формируется из числа членов Общественного совета, представителей некоммерческих организаций, научных, профсоюзных и других организаций, средств массовой информации, экспертов, определяется самим Общественным советом и утверждается на его заседании.

16. Деятельность комитетов прекращаются по решению Общественного совета.

17. Общественными советами создаются временные рабочие органы – экспертные группы, которые создаются решением Общественного совета для изучения конкретных вопросов соответствующей отрасли или административно-территориальной единицы, отнесенным к компетенции Общественного совета.

18. Состав экспертных групп формируется из числа членов Общественного совета, представителей государственных органов, некоммерческих организаций, научных, профсоюзных и заинтересованных организаций, средств массовой информации, экспертов.

19. Экспертные группы Общественного совета:

1) осуществляют предварительное ознакомление с материалами по изучаемым вопросам и по итогам рассмотрения подготовку вопросов к рассмотрению на заседании комиссии Общественного совета в соответствии с его направлением; и представляют их для рассмотрения в комиссиях Общественного совета в соответствии с его направлением;

2) готовят проекты экспертных заключений по изучаемым вопросам и представляют их для рассмотрения в комиссиях Общественного совета в соответствии с его направлением.

20. По итогам изучения материалов по конкретному вопросу экспертная группа составляет заключение и направляет для рассмотрения в соответствующую комиссию Общественного совета в соответствии с его направлением.

Итоговые материалы экспертной группы по изучаемым вопросам рассматриваются Общественным советом по представлению соответствующей комиссии Общественного совета.

**Глава 3. Полномочия Общественного совета**

21. Общественный совет осуществляет полномочия в соответствии со статьей 5 Закона.

22. Общественный совет осуществляет свою деятельность в соответствии с планом работы на текущий год.

План работы составляется на основе требований тельных актов Республики Казахстан, предложений членов Общественного совета и утверждается на заседании Общественного совета в соответствии с Положением об Общественном совете.

23. Для реализации полномочий, предусмотренных пунктом 1 статьи 5 Общественный совет проводит заседания.

24. Заседания Общественного совета проводятся по мере необходимости по решению Общественного совета, но не реже одного раза в квартал и считаются правомочным при участии не менее двух третей от общего числа его членов.

Решения Общественного совета принимаются открытым голосованием простым большинством голосов членов Общественного совета.

Допускается проведение заседаний Общественного совета в режиме видеоконференцсвязи, «онлайн-голосование» при рассмотрении вопросов, проведении Общественных слушаний в групповой чате «Ватсап» «онлайн-голосование».

При подготовке и проведении заседаний, Общественным советом рассматриваются следующие вопросы:

1) обсуждение и утверждение повестки дня заседаний, сроки и место проведения;

2) подготовка вопросов, выносимых на заседание Общественного совета;

3) приглашение необходимых участников в соответствии с пунктом 25 настоящего Положения;

4) проведение заседания.

Заседания Общественного совета ведет председатель Общественного совета либо лицо, его замещающее.

На заседании Общественного совета ведется протокол, который подписывается председателем и секретарем Общественного совета. Итоговый

протокол Общественных слушаний публикуется на соответствующем интернет-ресурсе.

Иные вопросы проведения заседаний определяются Общественным советом самостоятельно в соответствии с Положением об Общественном совете.

25. На заседания Общественного совета приглашаются представители заинтересованных государственных органов, органов местного государственного управления, средств массовой информации, научных, профсоюзных и других организаций, общественности города, а также эксперты и иные специалисты.

Секретарь Общественного совета уведомляет членов Общественного совета, приглашаемых лиц и иных участников заседания о проведении заседания заранее, но не позднее чем за три рабочих дня до дня его проведения.

26. По результатам рассмотрения вопросов Общественный совет принимает рекомендации, которые являются обязательными для рассмотрения государственными органами, и принятия решений в сроки, предусмотренные пунктом 2 статьи 5 Закона.

27. Общественный совет проводит общественные слушания по рассмотрению проектов нормативных правовых актов, касающихся прав, свобод и обязанностей граждан, направленные центральными государственными органами, местными представительными или местными исполнительными органами.

28. С момента получения проекта нормативного правового акта секретарь Общественного совета организует рассылку членам Общественного совета на бумажном или электронном носителе либо посредством электронной почты в течение одного рабочего дня для внесения предложений.

29. Члены Общественного совета в течение двух рабочих дней рассматривают проект нормативного правового акта и уведомляют секретаря Общественного совета о принятом решении по рассмотрению проекта нормативного правового акта либо оставлении проекта нормативного правового акта без рассмотрения.

30. Секретарь Общественного совета вносит на рассмотрение председателя Общественного совета поступившие предложения членов Общественного совета для принятия окончательного решения.

31. Решение Общественного совета по рассмотрению проекта нормативного правового акта либо оставлении без рассмотрения принимается большинством голосов от общего числа членов Общественного совета. При равенстве голосов, голос председателя Общественного совета является решающим.

32. В течение одного рабочего дня после принятия Общественным советом решения, секретарь Общественного совета уведомляет государственные органы, местные представительные или местные исполнительные органы о принятом решении Общественного совета.

33. В течение одного рабочего дня после принятия Общественным советом решения о рассмотрении проекта нормативного правового акта, проект нормативного правового акта вносится для рассмотрения на заседание Общественного совета с участием его членов.

34. По итогам рассмотрения проекта нормативного правового акта, решение принимается большинством голосов от общего числа членов Общественного совета. При равенстве голосов, голос председателя Общественного совета является решающим.

35. С учетом итогов голосования, секретарь Общественного совета готовит проект рекомендаций Общественного совета по рассматриваемому проекту нормативного правового акта и вносит на подписание председателю Общественного совета.

36. В течение одного рабочего дня со дня подписания председателем Общественного совета, рекомендации Общественного совета направляются секретарем Общественного совета центральным государственным органам, местным представительным или местным исполнительным органам, представившим на рассмотрение проект нормативного правового акта на бумажном или электронном носителе либо посредством электронной почты.

37. В соответствии с подпунктом 6) пункта 1 статьи 5 Закона, Общественный совет, рассматривает обращения физических и юридических лиц по общественно значимым вопросам в соответствующей сфере деятельности государственного органа или региона соответствующей административно-территориальной единицы.

38. По результатам рассмотрения обращений Общественный совет принимает одно из следующих решений:

1) о направлении обращения в соответствующий государственный орган или орган местного государственного управления по компетенции;

2) о рассмотрении данного обращения на заседании Общественного совета;

3) о проведении одной из форм общественного контроля по рассмотрению поступившего обращения.

39. Секретарь Общественного совета направляет подготовленный ответ на обращение заявителю в сроки, предусмотренные законодательством.

40. В рамках своих полномочий председатель Общественного совета:

1) организует деятельность Общественного совета;

2) председательствует на заседаниях;

3) подписывает документы от имени Общественного совета;

4) координирует деятельность по реализации решений Общественного совета;

5) участвует в заседаниях органа местного государственного управления с правом совещательного голоса;

6) на время своего отсутствия делегирует исполнение обязанностей председателя одному из членов президиума Общественного совета.

41. В целях обеспечения решения организационных вопросов, подготовки и проведения заседаний Общественного совета, организации и ведения делопроизводства в Общественном совете, секретарь Общественного совета:

1) обеспечивает решение организационных вопросов подготовки и проведения заседаний Общественного совета;

2) организует и ведет делопроизводство в Общественном совете, а также контролирует сроки исполнения решений Общественного совета.

42. Секретарь Общественного совета не является членом Общественного совета.

**Председатель Общественного совета Г.Гильдерман**